ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ
Тіреуіш қабырғаларды жобалау кезіндегі талаптар

ДОРОГИ АВТОМОБИЛЬНЫЕ
Требования при проектировании подпорных стен

ҚР СТ 1857-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Тіреуіш қабырғаларды жобалау кезіндегі талаптар

ҚР СТ 1857-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» («ҚазЖолҒЗИ» Акционерлік қоғамы, «Автомобиль жолдары» ТК 42 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылы 30 желтоқсандағы №670-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта «Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексі» және Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» 2002 жылғы 17 шілдедегі № 245-II, «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II, «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі № 29-1 Заңдарының нормалары іске асырылды.

Осы стандарт «Автомобиль жолдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары», «Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары» техникалық регламенттерімен үйлестірілген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2014 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгертулер туралы ақпарат «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде жария етіледі, ал өзгертулер мәтіні «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ай сайынғы ақпараттық көрсеткішінде шығады. Осы стандартты қайта қарау немесе қолданыстан алып тастаған жағдайда тиісті ақпараттар «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етеді.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	2
5 Құрастырылым материалдары	3
6 Тіреуіш қабырғалардың типтері	3
7 Құрастырылымдық талаптар	5
8 Есептеудің негізгі ережелері	9
9 Жүктеу	13
10 Топырақтың белсенді және белсенді емес қысымын анықтау	15
А қосымшасы. η үйлестіру коэффициенті	22
Б қосымшасы. Топырақ бойынша қабырға қалауының үйкеліс коэффициенттері	23
В қосымшасы. Материалдар тығыздығы	24
Қосымша. Библиография	25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Тіреуіш қабырғаларды жобалау кезіндегі талаптар

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарына қолданылады және 9 баллға дейін құрылыстың сейсмикалық есептеу кезінде Қазақстан Республикасының барлық климаттық аумағындағы барлық санаттағы жолдардағы үйінділер мен қуыстар құламаларын ұстап тұруға арналған бетон, бутобетон және темір бетон тіреуіш қабырғаларды жобалау кезіндегі талаптарды белгілейді.

Стандартты өз құзырет шегінде автомобиль жолдарын жобалау, салу және пайдалануды және оларға құрылыс салуды сондай-ақ олардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыратын, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар және ұйымдар қолданылады.

Стандарт ережесі арнайы мақсаттағы тіреуіш қабырғаларға: сырғымаға қарсы, үйіндіге қарсы, теңіз және толқын уату көл жағалауын бекіткіш тіреуіш қабырғаларға, сондай-ақ бекемдеу және мембрана типті қабырғаларды және бекемдету топырағы элементтері болатын қабырғаларды жобалауға қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2002 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1379-2005 Көпір құрылыстары және автомобиль жолдарына арналған суды жіберу құбырлары. Құрастырылымның жақындау габариттері.

ҚР СТ 1380-2005 Көпір құрылыстары және автомобиль жолдарына арналған суды жіберу құбырлары. Жүктемелері мен әсер етуі.

ҚР СТ 1684-2007 Көпір құрылыстары және автомобиль жолдарына арналған суды жіберу құбырлары. Жобалау бойынша жалпы талаптар.

ҚР СТ * Көпір құрылыстары және автомобиль жолдарына арналған суды жіберу құбырлары. Бетон және темір бетон құрастырылымдарды жобалау кезіндегі талаптар.

ГОСТ 380-94 Сапасы қарапайым көміртекті болат. Маркалары.

ГОСТ 5781-82 Темір бетон құрастырылымды бекемдету үшін ыстықтай иленген болат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 23279-85 Темір бетон құрастырылымдар мен бұйымдарға арналған арқау торлары. Жалпы техникалық шарттар.

* Стандарт әзірлену сатысында.

ГОСТ 26633-91 Ауыр және ұсақ түйіршіктелген бетондар. Техникалық шарттар.

Ескертпе – Осы стандартты қолдану кезінде үстіміздегі жылдың 1 қаңтарына берілген бойынша құрылған «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткіштері бойынша және биылғы жыл жария етілген тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданысын тексеруі керек.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1053 сәйкес терминдер қолданылады.

4 Жалпы ережелер

4.1 Тіреуіш қабырғаларды жобалау мыналардың негізінде ҚР СТ 1684 және ҚР СТ* стандарт талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс:

- бас жоспар сызбаларына (көлденең және тік түрде жобалау);
- инженерлік – геологиялық іздестіру туралы есеп;
- осы жүктеме туралы техникалық тапсырмалар және қажет болған жағдайда жобаланатын құрастырылымға қойылатын талаптар.

4.2 Тіреуіш қабырғалардың құрастырылымы құрылыстың материалдық сыйымдылығын, еңбек сыйымдылығын және құндылығын айтарлықтай түсіруді, сондай-ақ пайдалану шарттарын ескере отырып құрылыстың нақты шарттарында оларды техникалық – экономикалық тиімді қолдануды негізге ала отырып, нұсқаларды салыстыру негізінде белгіленуге тиіс.

4.3 Халық қоныстанған аймақтарда салынатын тіреуіш қабырғалар осы аймақтардың сәулеттік ерекшеліктерін ескере отырып жобалануға тиіс.

4.4 Тіреуіш қабырғаларды жобалау кезінде тұтас құрылыстың сондай-ақ салу және пайдаланудың барлық сатысындағы оның жеке элементтерінің қажетті беріктігін, төзімділігін және кеңістіктік өзгермейтіндігін қамтамасыз ететін құрастырылымдық сызбалар қабылдануға тиіс.

4.5 Тіреуіш қабырғалардың жобаларын қоршаған ортаны қорғау органдары келісуге тиіс.

4.6 Жинау құрастырылымының элементтері оларды мамандандырылған кәсіпорындарда өнеркәсіптік дайындау шарттарына сәйкес келуге тиіс.

Жинау құрастырылымының элементтерін мақсатқа лайық үлкейту керек, бұл құрастыру механизмдерінің жүк көтергіштігін, сондай-ақ дайындау және тасымалдау шарттарына мүмкіндік береді.

4.7 Монолиттік темір бетон құрастырылымдар үшін типтік арқау бұйымдарын және инверторлық қалыпты қолдануға мүмкіндік беретін бірдей қалыптар мен габариттік өлшемдер қарастырылуға тиіс.

4.8 Тіреуіш қабырғаларды жинау құрастырылымындағы тораптар құрастырылымы және элементтердің қосылуы түйісу аумағындағы өз элементтерінің беріктігі күшін сенімді беру, сондай-ақ құрастырылым бетоны болатын түйіс жеріне қосымша салынған бетонның байланысын қамтамасыз етуге тиіс.

4.9 Тіреуіш қабырғалардың құрастырылымын жобалау агрессивті ортада [1] көрсетілген қосымша талаптарды ескере отырып жүргізілуге тиіс.

4.10 Темір бетон құрастырылымын электр жемірілуінен қорғау шараларын жобалау тиісті нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып жүргізілуге тиіс.

5 Құрастырылым материалдары

5.1 Қабылданған құрастырылымдық шешімге байланысты тіреуіш қабырғалар темір бетон, бетон және бутобетоннан тұрғызылуға тиіс.

5.2 Құрастырылым материалын таңдау техникалық – экономикалық пікірлерге, беріктік талаптарына, жұмыстарды өндіру шарттарына, жергілікті құрылыс материалдар және механизациялау құралдарының болуына негізделеді.

5.3 Темір бетон және бетон тіреуіш қабырғалар құрастырылымын жобалау кезінде көпір құрылысының темір бетон және бетон құрастырылымдарына көрсетілетін ҚР СТ* талаптарын орындау керек.

ГОСТ 26633 бойынша мына кластардан төмен емес бетонды қолдану керек: В25 – темір бетон, В20 – бетон және бутобетон элементтері үшін.

Бетон класы суыққа төзімділігі бойынша F200, су өтпеушілігі бойынша - W4 кем емес.

Бутоннан салу және блоктардан салу үшін цемент ерітіндісі 100 төмен емес марканы қолдану керек.

Өзекті ыстықтай иленген арқау ҚР СТ * талаптарына сәйкес А240, А300 және А400 класстарын қолдану керек.

5.4 Қабырғаларды бутобетонмен салу кезінде бетон қоспаға көлемі бойынша 20 % дейін мөлшерде, ірілігі 150 мм кем емес бутон тасын қосу керек.

Бутобетонда салатын бутон тас беріктігі 40 МПа кем емес және суыққа төзімділігі F200 кем емес болуға тиіс.


5.5 Жинау құрастырылымының темір бетон және бетон элементтеріндегі құрастыру (көтеру) ілмектер ГОСТ 5781, ГОСТ 380 бойынша маркасы Ст3сп және Ст3пс А240 класты арқау болатынан немесе маркасы 10ГТ, Ас300 класты болаттардан жасалуға тиіс.

- 40 °С төмен қысқы температурада есептеу кезінде Ст3пс болат ілмекті қолдануға рұқсат етілмейді.

6 Тіреуіш қабырғалардың типтері

6.1 Құрастырылымдық шешім бойынша тіреуіш қабырғалар көлемді және қабырғасы жұқа болып бөлінеді.

Көлемді тіреуіш қабырғаларды қозғалтқандағы тұрақтылығы және топырақтың көлденең қысымы әсерінде бұзылу қабырғаның негізгі меншікті салмағымен қамтамасыз етіледі (1-сурет).



а-в - монолитті; г-е - блокты


1-сурет – Көлемді тіреуіш қабырғалар

Әдетте, жұқа қабырғалардан қарағанда материалдық сыйымдылығы артық және еңбек сыйымдылығы көбірек көлемді тіреуіш қабырғаларды салу кезінде тиісті техникалық–экономикалық негізделуді (мысалы, оларды жергілікті материалдардан салу кезінде, жинау темір бетон және т.б. болмаған жағдайда) қолдана алады.

Көлемді тіреуіш қабырғалар бір–бірінен көлденең профиль және материалдармен (бетон, бутобетон және т.б.) ерекшеленеді.

Қабырғасы жұқа тіреуіш қабырғаларда олардың тұрақтылығы қабырғаның меншікті салмағымен және қабырға құрастырылымы жұмысына қолданылатын топырақ салмағымен (2-сурет) қамтамасыз етіледі.


Дайындау тәсілі бойынша қабырғасы жұқа тіреуіш қабырғалар монолиттік, жиналмалы және жиналмалы–монолиттік бола алады.



а – бұрыштық консольды; б - іргетас табаны бойынша «өкше темірі» болатын бұрыштық; в – контрфорстік

2-сурет – Қабырғасы жұқа тіреуіш қабырғалар

6.2 Жолдың құрастырылымдық элементтеріне қатысты орналастыруы бойынша қабырғалар төменгі және жоғарғы (3а және 3б суреттер) болып бөлінеді: төменгі қабырғалар үйінді құламаларын, ал жоғарғысы жол қуыстарының құламаларын ұстап тұруға арналған.



А – төменгі қабырға; В – жоғарғы қабырға; Н – қабырғаның биіктігі;
Z – қабырға іргетасының табанын салу тереңдігі ;
m – топырақ бетінің құлама коэффициенті

3-сурет – Төменгі және жоғарғы тіреуіш қабырғалардың принципиалды сұлбалары

Төменгі тіреуіш қабырғалары тікелей жер төсемінің (А нүктесі, 3а суреті), жиегінде орналасады, ал жоғарғысы су қайтарғыш кюветтің артында орналасады (С нүктесі, 3 б суреті).

7 Құрастырылымдық талаптар


7.1 Тіреуіш қабырғалардың габариттері бір параметрмен – тіреуіш топырағының биіктігімен, яғни жоғарғы және төменгі жоспарлау белгілерінің түсу айырмашылығымен анықталады.

7.2. Бұрыштық тіреуіш қабырғасы табанының бастапқы өлшемі φ_n топырағының және Н қабырғасының биіктігінің нормативтік ішкі үйкеліс бұрышының қирау призмасының бетінде орналасқан біркелкі бөлінген жүктеменің қарқындылығына байланысты белгілене алады.

7.3 Көлемді тіреуіш қабырғалар табандарының бастапқы өлшемі (0,5 - 0,7)Н шегінде арналады.

7.4 Тіреуіш қабырғалардың элементтері қиылысуының ең кіші өлшемдері: бутобетон қабырғалар үшін – 0,6 м, темір бетон қабырғалар үшін – 0,1 м болуы ұсынылады.

7.5 Тіреуіш қабырғаның тұрақтылығын арттыру үшін төңкерілуге қарсы оның құрастырылымына құю жағынан консолды шығыңқы жерлер (4 а сурет) қарастырылуы керек, сырғанауға қарсы тұрақтылықты арттыру үшін қабырға (4 б сурет) іргетасының табанына «темір өкше» қарастыруы немесе 5 – 10 % реттік (4 в сурет) құю жағына табанын көлбеу салу керек.



а) құю жағының консолды шығыңқы жерлері болатын; б) іргетас табаны бойынша «темір өкшесі» болатын; в) табаны көлбеу іргетас

4-сурет – Монолиттік бетон қабырғалар

7.6 Тіреуіш қабырғаның іргетас табанын салу тереңдігі топырақтардың негізінде болған кезде:

- тасты - 0,25 м кем емес,
- тассыз, қабарусыз - 1,0 м кем емес,
- қабарусыз – 0,25 м кем емес топырақтың қату тереңдігін арттыру, бірақ 1,0 м кем емес болуға тиіс.
- Қабырға іргетасының табанын салу тереңдігі
- жоғарғы қабырға үшін – кювет түбінен,
- төменгі қабырға үшін – топырақтың жақын бетінен (оған нормаль бойынша) анықталады.

Қабару негізінде топырақта (сазды, құмдау, шаңды топырақ және ұсақ құм, 30 % және одан көп (салмағы бойынша) мөлшерде 0,1 мм дейін өлшемді бөлшектері болатын ірі түйіршікті топырақ) қату тереңдігі 0,25 м артатын тереңдікке дейін іргетас табанының астында нығыздалған құмнан, ұсақталған тас немесе қиыршық (қиыршық тасты) топырақтан жасалған арнайы жастық салынған

жағдайда, қабарусыз, тассыз топырақ сияқты іргетасты сондай терендігімен жобалауға рұқсат етіледі.

7.7 100-200 кПа (1-2 кгс/см^2) есептеу кедергісі болатын бос топырақтар қабырға негізінде немесе іргетас тақтасының терендігіне тең немесе одан үлкен қату терендігіндегі дөңестігі болатын құмды топырақтар негізінде құмды немесе қиыршық тасты жастық болуға тиіс. Табиғи жатысты топырақ қабырға табанынан 600 мм кем емес терендікте алынады және құммен немесе қиыршық таспен алмастырылады. Құм қабаттармен салып алынады, сумен суарып және таптап тегістейді.

Жастықты шекті айналмалы құламалары болатын қазан шұңқырда орындау керек. Жастық өлшемдері құм төгу кезінде 0,4 м (0,2 м–ден әр жаққа) және қазан шұңқырға қиыршық тас төгу кезінде 0,6 м (0,3 м-ден әр жаққа) табанның тиісті өлшемдерінен артық болуға тиіс.

7.8 Монолиттік қабырғаның табан астында табан қырынан 0,1 м кем емес шығып тұратын, қалыңдығы 0,1 м тегістейтін бетон қабатты салу керек.

Жинау іргетас тақталары қиыршық тас топырағында таптап тегістеген түрде дайындалған негізде белгілеу керек. Қиыршық тас қабатының қалыңдығы 0,1 м кем емес болуға және табан қырынан кем дегенде 0,15 м шығып тұруға тиіс.

7.9 Бос топырақтар негізінде болатын (тиісті негіздемеде) тіреулі іргетас және т.б. түрінде жасанды негіз болуы мүмкін.

7.10 Тіреуіш қабырғаның іргетас табанына бойлық бағытта көлденең алында немесе 20 % дейін көлбеу алында болу керек. Осы шартты орындау мүмкіндік болмаған жағдайда іргетас табанын сатылы салу керек.

Құрылыстың сейсмикалық аудандарында әр түрлі деңгейде тіреуіш қабырғаның аралас секцияларының негізін орналастыру кезінде негіздің бір белгісінен басқаға өту кемер биіктігін оның ұзындығына қатынасы 1:2 болатын кемерлер өндірілуге тиіс.

7.11 Тіреуіш қабырғалар ұзындығы бойынша жеке секциядағы іргетасты қоса, тура өтетін тік түрдегі температуралық–шөгу жіктері барлық ұзындығына бөлінуге тиіс. Әр секцияның ұзындығы:

10 м – монолиттік бутобетондық және бетондық құрастырылымда;

20 м – монолиттік бетондық бекемдеген құрастырылымда;

30 м – жинау темір бетон құрастырылымдарда артық болмауға тиіс.

Тіреуіш қабырғаларды сейсмикалық аумақта орналастыру кезінде 15 м артық болмауға тиіс.

Біркелкі емес топырақтардың тіреуіш қабырға негізінде болатын жіктер арасындағы қашықтығы әр бөліктің іргетас табаны біртекті топыраққа тірелетіндей осындай есептеумен азайтылуға тиіс.

Жіктер арасындағы қашықтығы құрастырылымды тексеру кезінде есептеумен үлкейтуге рұқсат етіледі.

Монолиттік тіреуіш қабырғадағы жіктер қара май жағылған тақтаның құрастырылым денесіне қою арқылы орындалады. Жіктер ені 0,03 м тең қабылданады.

7.12 Жоғарғы қабырғаға кері толтыру 1: m құламамен және қабырғаның жалған артқы қырымен дәл келетін құлама тұрғыға дейін (В нүктесі, 3-сурет)

қабырғаның жоғарғы жағымен берма құрылғысымен орындалады.

Жоғарғы тіреуіш қабырғалардың кері толтыру құламаның шектік тіктігі 1-кестеге сәйкес келуге тиіс.

1-кесте

φ, °	Есептік сейсмикалық кезде 1:m шектік құлама	
	8 балл	9 балл
30	1:2	1:2,25
35	1:1,5	1:1,75
40	1:1,25	1:1,5

7.13 Тіреуіш қабырғалардың артында кері толтыруды құрғату топырақтарымен жүргізу керек..

Жергілікті топырақтарды, құмды топырақтарды және құрғақ сазды пайдалануға рұқсат етіледі.

Тіреуіш қабырғалардың төменгі жағына кері толтыру [2] талаптарға сәйкес (7-бөлімді қараңыз) жүргізілуге тиіс.

Кері толтыруға ауыр және иленді саздарды, сондай-ақ құрамындағы органикалық және ерітінді қоспалардың салмағы бойынша 5 % артық топырақтады қолдануға рұқсат етілмейді.

7.14 Жазық бетке төгу кезінде тіреуіш қабырғалардың төменгі жағында қауіпсіздік жолағы еніне тең қашықтықта өтетін бөліктің шетінде болатын кедергі типтің қоршауы қарастырылуы керек, ҚР СТ 1379 нұсқаулығына сәйкес қабылданады (1-кестені қараңыз).

7.15 Төгетін жағына қараған тіреуіш қабырғалардың беті гидро оқшаулағышпен қорғалуға тиіс. Битумды ерітінді немесе мастикасы болатын бояулы гидро оқшаулағышты нормативтік құжаттарға сәйкес қолдануға рұқсат етіледі.

7.16 Тұтас тіреуіш қабырғалардың артында (олардың бетінен кері бағытта) тас, шағыл тас немесе қиыршық тастан жасалған бойлық топырақты құрғату құрылғыны қою керек. Топырақты құрғату құрылғының көлбеуі кем дегенде 4 % болуға тиіс. Топырақты құрғату құрылғыны:

. Дренаж:

- жоғарғы қабырғалар үшін – кювет түбінің үстінде 0,5 м кем емес биіктікте;

- төменгі қабырғалар үшін – топырақ бетінде орналасуы керек.

Топырақты құрғату құрылғының негізі майлы саз қабатынан немесе жинақ темірбетон науалардан орындалуға тиіс.

2- 3 м кейін қабырғада топырақты құрғату құрылғысынан суды шығару үшін (кем дегенде 100 мм саңылаумен) терезелер немесе құбырларды қарастыру керек. Блок ені 2 м артық емес, саңылаулары болатын жиналмалы темір бетон қабырғалар артында олардың арасында топырақты құрғату құрылғыларды орнатуға рұқсат етілмейді.

7.17 Сыртқы қырға атмосфералық суларды бұрып жіберу үшін беткей жерлерде су қайтарғыш кювет қарастырылуға тиіс.

7.18 Нөсер судың ағып кетуінен тіреуіш қабырғалардың беттік жағын қорғау үшін, әсіресе, беткей жерлерде орналасқан қабырғалар үшін «көз жасы» болатын күн қағар құрылғысы немесе кенере блоктарын қондыруды қарастыру керек.

7.19 Қабырғалар шетімен және олардың бойымен тіреуіш қабырғаларды пайдалану қызметінің ыңғайлы болуы үшін әр 100 м сайын түсетін жер, металл сатылар немесе қабырғаға бекітілген тұтқаларды салу керек. Түсетін жер, сатылар және тұтқалар жігінде болуға тиіс.

7.20 Төсейтін және қосатын металл элементтерді жемірілуден қорғау жөніндегі жұмыстар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуі керек.

8 Есептеудің негізгі ережелері

8.1 ҚР СТ * талаптарына сәйкес тіреуіш қабырғалар екі шекті жағдайлар мен есептелуге тиіс.

Бірінші шекті жағдай бойынша мынадай:

- аударылып кетуге және сырғып кетуіне (жылжып кетуіне) қарсы қабырғалардың тұрақтылығына;
- қабырғалардың беріктігіне (материал бойынша) және іргетас жігінің астындағы негіздің беріктігіне есептеулер орындалады.

Екінші шекті жағдай бойынша сызатқа төзімділігіне темір бетон қабырғалар тексеріледі.

8.2 Тіреуіш қабырғаларды есептеу жазықтық жүйесі сияқты орындалуы керек. Қабырғадағы жүктемелер және қабырға артындағы топырақтың бетінде ұзындығы 1 м қабырға бөлігіне келтіріледі.


8.3 Есептеу кезінде қабырға іргетасының алдыңғы қыры жағынан қазандағы затты төккенде тегістеп қабаттау кезінде шамасы мынадай топырақтың пассивті соққы беру шамасын ескеруге рұқсат етіледі:

$E_п$:3 – жоғарғы қабырғалар үшін және $E_п$:5 – төменгі қабырғалар үшін, мұндағы $E_п$ – топырақтың пассивті қысымының тең әрекет ететін күші.

8.4 Аударылып кетуге және сырғып кетуіне (жылжып кетуіне) қарсы қабырғалардың тұрақтылығы ҚР СТ 1684 (7.5 және 7.6) нұсқаулығына сәйкес 5 және 6 суреттерде көрсетілген сұлбалары бойынша жүргізіледі.


Үйкеліс күшін анықтау үшін А қосымшасында келтірілген топырақ бойынша қабырға іргетасын қалаудың үйкеліс коэффициентін пайдалану керек. Топырақ бойынша топырақтың қажалу коэффициенті tgφ тең қабылдайды, мұндағы φ – топырақтың ішкі қажалуының есептік бұрышы.

Сырғанауға қарсы тұрақтылықты есептеу кезінде топырақтың пассивті соққы беру сырғудың болжанатын жазықтығы болатын қабырға іргетасының алдыңғы қырының қиылысуы сызығының орналасу тереңдігіне дейін ескеріледі. («О» нүктесі, 6-сурет).



«О» - аударылу нүктесі; Еа – белсенді қысымның тең әрекет ететін күші;
Ен – пассивті қысымның тең әрекет ететін күші: Н – тіреуіш қабырғалардың биіктігі

5-сурет – Аударылуға қарсы қабырға төзімділігін есептеу сұлбасы



а) іргетас табанының жазық жазықтығы кезінде:
б) «іргетас табаны бойынша өкше темірлер» болған кезде;
в) іргетастың көлбеу табаны кезінде.
1 және 2 – болуы мүмкін сырғу сызықтары (жазықтықтары):
в – іргетас табанының есептелген ені.

6-сурет – Сырғуға қарсы қабырға тұрақтылығын есептеу сұлбалары

8.5 Айналмалы беткей жерлерде орналасқан тіреуіш қабырғалар, сондай-ақ биіктігі 7 м артық барлық қабырғалар (негізге тассыз топырағы кезінде) дөңгелек цилиндр беті бойынша сырғуға қарсы тұрақтылығы есептелінуі керек. Дөңгелек цилиндр бетінің кескіні осы бет іргетас табанына жанатындай немесе одан төмен өтетіндей етіп қарастырылуы керек. Жер қабат топырағының көтергіш қабат астында орналасқан жағдайда саздар немесе сумен қанықкан құмның, төсейтін саздың қатпарлануы, мынадай есептеулерді биіктігі 3 м артық қабырғалар үшін орындау керек.

8.6 Дөңгелек цилиндр беті бойынша сырғуға қарсы қабырғалардың тұрақтылығын есептеу тәртібі

Центрі О нүктесінде, радиусі R сырғу сызығының туынды дөңгелек сызығы кезінде (7-сурет) $М_{сд}$ қозғаушы күшін $М_{уд}$. ұсталатын күшіне қатынасымен анықталады. Осы кезеңдер «О» нүктесіне қатысты мына формула арқылы есептеледі.

$$M_{сд} = R \times \sum_{i=1}^{i=n} Q_i^s \times \sin \alpha_i \left(1 + \frac{K_c}{tg\beta_i}\right), \quad (1)$$

$$M_{уд} = R \times \left[\sum_{i=1}^{i=n} Q_i^s \times (\cos\alpha_i - K_c \times \sin \alpha_i) \times tg\varphi_i + \sum_{i=1}^{i=n} \ell_i \times c_i\right] \quad (2)$$

мұндағы Q_i^s – салмақ суммасына тең күш i – жүктеме орналастырылған сырғу массивінің бөлігі; сол массив бөліктері үшін олардың шегінде Q_i^s тіреуіш қабырға күші орналастырылған, оның салмағын ескере отырып анықтайды;

$Q_i^r = K_c \times Q_i^s$ – сырғу жағынан бағытталған жазық сейсмикалық күш;

K_c – сейсмикалық коэффициенті (9.5 қараңыз);

α_i – «О» нүктесі және сырғудың дөңгелек сызығы болатын Q_i^s бағыттау күшінің қиылысуы нүктесі арқылы жүргізілген жазық бұрыш пен радиус арасында;

β_i – жазық бұрыш пен Q_i^r күш қосу нүктесімен «О» нүктесін қосатын сызықтың арасындағы бұрышы, Q_i^r (ауырлық күш) i – сырғу массивтің бөлігі);


φ_i – i – бөлігі шегінде сырғу бетімен қиылысатын топырақтың ішкі қажалуының есептеу бұрышы;

c_i – i – бөлігі шегінде сырғу бетімен қиылысатын топырақтың есептік тіркелуі;

ℓ_i – i – бөлігі шегінде сырғу дөңгелек сызығы кесіндісінің ұзындығы.

1 и 2 формула бойынша «О» нүктесі мен R радиусі шамасының орналасуы әр түрлі сырғудың бірнеше дөңгелек сызығы үшін $M_{сд}$ және $M_{уд}$ мәндер анықталады. Осы сырғу сызықтары үшін есептелген $M_{сд}/M_{уд}$, қатынасынан жоғары мына шартты қанағаттандыруға тиіс.

$$\left(\frac{M_{сд}}{M_{уд}}\right)_{max} \le 0{,}7 \quad (3)$$



1 – сырғудың дөңгелек сызықтары; 2 – тіреуіш қабырғалар;
3 – «*i*» сырғу массивінің бөлігі

7-сурет – Дөңгелек цилиндр беті бойынша қозғалысқа есептеу сұлбасы

8.7 Темір бетон қабырғалардың беріктігін (материал бойынша) есептеу [3] талаптарға сәйкес жүргізілуі керек (3.49-3.93 қараңыз). Бетонның және арқаудың есептік кедергілеріндегі сейсмикалық күштерді есептеу үшін $m_{кр}$ = 1,2 жұмыс шарттарының қосымша коэффициенті енгізіледі.

Ортадан тыс сығылған бетон және бутобетон қабырғалардың беріктігін есептеу кезінде мына формула арқылы қима ауырлығы ортасы арқылы өтетін осьге қатысты тең әрекет ететін ереженің эксцентриситетін тексеру жүргізіледі.

$$e_c \le 0{,}8 \times a_c \qquad (4)$$

мұндағы e_c – қима ауырлық орталығына қатысты N тең әрекет ететін бойлық күшінің эксцентриситеті;

a_c – айтарлықтай сығылған қырға дейін қима ауырлық ортасы арқылы өтетін осьдің қашықтығы.

Темір бетон қимасының сызатқа төзімділігін тексеру [3] талаптары ойынша жүргізілу керек. Мұндайда a_{cr} сызат ашылуының рұқсат етілетін ені 0,03 аспауға тиіс.

8.8 Тіреуіш қабырғалардың іргетас құрастырылымының есептеулері [3] нұсқаулығына сәйкес орындалуы керек (7-бөлімді қараңыз).

8.9 Топырақтың ішкі қажалуының φ есептік бұрышы топырақтың осы зертханалық зерттеуі бойынша белгіленген ішкі қажалудың $\varphi_н$ нормативтік бұрышына тең. Қабырға артында құрғату топырағын төгу кезінде $\varphi_н$ = 35 ° қабылдау рұқсат етіледі.


8.10 Тіреуіш қабырғаның бүйір беті туралы топырақтың δ қажалуының есептік бұрышы δ = 0,5φ тең қабылданады.

8.11 Топырақтың ілінісі дөңгелек цилиндр беті бойынша топырақпен бірге сырғуға қарсы тұрақтылығына қабырғаларды есептеу кезінде ғана ескерілуі керек.

С топырақтың есептік ілінісі $c=0,5c_н$ тең қабылдануы керек, мұндағы $c_н$ – топырақтың осы зертханалық зерттеуі бойынша анықталатын нормативтік тіркелу, ал нормативтік тіркелудің зертханалық осы мәндер болмаған жағдайда [4] бойынша қабылдау рұқсат етіледі (1-қосымшасын қараңыз).

8.12 Тіреуіш қабырғаның артқы қырының АВ бөлігіндегі топырақтың белсенді қысымын анықтау кезінде осы қыр көлбеу немесе кемер болса, АВ бөлігінің орнына АС өткір тік қыры қарастырылады (8-сурет). АВС призма көлеміндегі топырақ салмағы және осы призмада жататын жүктемені қабырғаның салмағы ретінде ескеріледі.

Жатық және көлбеу орналаскан қабырға қимасының күштері (оның табаны бойынша) осы бөліктің төменгі нүктесі арқылы өтетін құлау жазықтығы кезінде құрылған (осы қимадан топырақ бетіне дейінгі қабырға бөлігінде) топырақ қысымының эпюрасы бойынша анықталады.



8-сурет – Қабырғаның есептік сұлбалары

9 Жүктеу

9.1 Қабырға меншікті салмағының нормативтік жүктемелерінің шамалары материалдың меншікті салмақтары бойынша анықталады (Б қосымшасы). γ_n топырақтың нормативтік тығыздығын топырақтың осы зертханалық зерттеуі бойынша белгілеу керек. Құрғату құмдық төкпесі үшін $\gamma_n = 17,7$ кН/м^3 белгілеу рұқсат етіледі.

9.2 Төменгі тіреуіш қабырғалар үшін уақытша тік түрдегі жүктеме ҚР СТ 1380 сәйкес қабылданады.

9.3 АК қозғалмалы жүктемесін қоршау сызығының артында тікелей орналастыру керек (9 а суреті). НК-120 және НК-180 жүктемелерін жолдың өтпе бөлігінің жиегінде тығыз орналастырады. Екінші шектік жағдай бойынша қабырғаны есептеу кезінде АК жүктемесін НК жүктемесіне ұқсас орналастырады.

Ескертпелер

АК – екі жолақ түріндегі автокөлік құралдарының нормативтік жүктеуі;

НК-120 – салмағы 1176 кН доңғалақ жүрістегі бір машинадан тұратын нормативтік жүктеме:

НК-180 – тағы да 1764 кН салмағымен.


9.4 Қозғалмалы көлік жүктемелері q баламалы біркелкі бөлінген жолақты жүктемеге келтіріледі, кПа:

- АК үшін $q = [2K \times (0{,}49 + 9{,}8)/(\alpha + 1{,}7)]/2{,}5 = 51{,}45K/\alpha + 1{,}7$,

мұндағы $\alpha = x \times tg(45 + \varphi/2)$, K=14;

- НК-120 үшін - q=43,6;
- НК-180 үшін - q=63,6.

АК жүктемесі бойынша сенімділік коэффициентін γ_f =1,2 тең, ал НК-120 және НК-180 үшін γ_f = 1,0 деп қабылдау керек.



п – кауіпсіздік жолағының ені; b - өтетін бөліктің ені, h –төгу биіктігі
а) АК; б) НК-120; в) НК-180

9-сурет – Уақытша жүктемелерді орналастыру сұлбалары

9.5 Қабырғаның меншікті салмағынан жүктемені анықтау кезінде γ_f жүктеу бойынша сенімділік коэффициенттері 1,1 немесе 0,9 тең, ал топырақ салмағынан 1,2 немесе 0,9 тең болып қабылданады. Көрсетілген екі γ_f мәндерінен әр жағдайда қолданыстағы күштердің айтарлықтай қауіпті қиыстыруы алынатындары қабылданады.

9.6 Сейсмикалық әсер етуіне тіреуіш қабырғаларды есептеу кезінде орналастыру ауданының сейсмикалығы [5] бойынша белгіленеді.

9.7 Қабырға салмағының *S* жазық сейсмикалық күштері (10-сурет) мына формула бойынша анықталады.

$$S_k = Q_k \times K_c \times \beta_i \times \eta_k \qquad (5)$$

мұндағы Q_k – тіреуіш қабырғаның k-элементінің салмағы;

K_c – сейсмикалық есептеу үшін 0,025, 0,05 және 0,10 тең мәнінің коэффициенті сәйкесінше 7, 8 және 9 балл болады.

β_i – динамикалық коэффициенті 2,7 тең қабылданатын көлемді тіреуіш қабырғалары үшін [4] сәйкес анықталады;

η_k - тербелу формасының коэффициенті [4] сәйкес анықталады.

Көлемді қабырғалар үшін η_k коэффициенті мына формула бойынша анықталуы мүмкін.

$$\eta_k = x_j \times \frac{\sum_{1}^{n} Q_j \times x_j}{\sum_{1}^{n} Q_j \times x_j^2} \qquad (6)$$


мұндағы Q_j және x_j – γ_f коэффициенті бар және қабырғаның есептік негізіне дейінгі оған тиісті арақашықтығын ескере отырып, j-элементінің салмағы

9.8 Тіреуіш қабырғадағы жүктемелер, кейбір жүктемелер үшін жүктемелердің бір уақыттағы әрекеттер ықтималдығын азайтылуын ескере отырып, η үйлестіруінің төмендеткіш коэффициентін енгізетін қиыстыруда топтастыруды ұсынады.

АК жүктемесінің q мәні үшін сейсмиканы есепке алу кезінде η = 0,3 коэффициенті, ал НК жүктемесі үшін η = 0 енгізіледі.

Қабырға салмағынан сейсмикалық жүктемесіне АК жүктемесін есепке алу кезінде η = 0,8 коэффициенті енгізіледі.

Жүктемелердің ұсынылатын қиыстыруы және оларға тиісті η коэффициенті В қосымшасында беріледі.




а) динамикалық есептік сұлба; б) жеке элементтердің салмақтары Q болатын қабырға сұлбасы

10-сурет – Қабырға салмағынан сейсмикалық жүктемені анықтау кезіндегі есептік сұлбалар

10 Топырақтың белсенді және белсенді емес қысымын анықтау

10.1 Топырақ беті қарқындылығы q (11-сурет), бөлінген жүктеме орналасуы мүмкін жазықтықта шектелген жағдайда жоғарғы қабырғалар үшін топырақ бетінен h терендігіне дейін қабырғасының АС қырының тік түріндегі бөлігіндегі Е топырағының белсенді қысымының күші мына формула бойынша анықталады.



11-сурет – Жоғарғы қабырғаға белсенді қысымды анықтауға сұлбалар

$$E = \frac{\gamma \times H^2}{2} \times \left(1 + \frac{2q}{\gamma \times H}\right) \times \lambda_a \qquad (7)$$

мұндағы: λ_a – топырақ белсенді қысымының коэффициенті, мына формула бойынша анықталады

$$\lambda_a = \frac{\cos^2(\varphi - \varepsilon)}{\cos(\delta + \varepsilon)(1 + \sqrt{m})^2} \qquad (8)$$

$$m = \frac{\sin(\varphi - \alpha - \varepsilon) \times \sin(\varphi + \delta)}{\cos\alpha \times \cos(\delta + \varepsilon)} \qquad (9)$$

Есептік сейсмикалығы үшін 1,5°, 3° және 6° тең ε бұрышы сәйкесінше 7, 8 және 9 балл болады. 6 баллға дейін есептеу сейсмикалығы кезінде ε = 0 °.

λ_a мәндері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

φ °	α °	λ_a			
		Есептік сейсмикалығы, балл			
		6 дейін (ε = 0)	7 (ε = 1,5 °)	8 (ε = 3 °)	9 (ε = 6 °)
20	0	0,446	0,457	0,488	0,533
	10	0,532	0,563	0,600	0,689
	20- ε	0,899	0,918	0,940	0,979
25	0	0,367	0,385	0,403	0,444
	10	0,425	0,452	0,478	0,543
	20	0,548	0,600	0,670	-
	25- ε	0,841	0,867	0,891	0,944
30	10	0,343	0,364	0,387	0,437
	20	0,416	0,448	0,486	0,584
	30- ε	0,776	0,806	0,835	0,894

2 – кестесінің соңы

φ °	α °	λ_a			
		Есептік сейсмикалығы, балл			
		6 дейін (ε = 0)	7 (ε = 1,5 °)	8 (ε = 3 °)	9 (ε = 6 °)
35	0	0,246	0,261	0,275	0,308
	10	0,275	0,294	0,312	0,354
	20	0,319	0,347	0,374	0,439
	30	0,423	0,476	0,547	-
	35- ε	0,704	0,735	0,768	0,835
40	0	0,200	0,217	0,226	0,254
	10	0,220	0,236	0,252	0,287
	20	0,251	0,271	0,292	0,341
	30	0,304	0,337	0,373	0,467
	40- ε	0,624	0,659	0,693	0,764

Е топырағының белсенді қысымының күші жазықтыққа δ бұрышымен көлбеу болған жағдайда және қабырғаның АС қырының жоғарғы нүктесінде P_1 ординатасы болатын сызықтық сипатты топырақ қысымының тең әрекет ететін эпюрасы болып табылады (10-сурет).

$$P_1 = q \times \lambda_a \qquad (10)$$

және қабырға іргетасы табанын орналастыру тереңдігінде P_2 ординатасы бар

$$P_2 = (\gamma H + q)\lambda_a \qquad (11)$$

Е күші z қашықтықтағы АС қабырғасы қырымен қарастырылатын А нүктесіне түсірілген, яғни мынаған тең.

$$z = \frac{H}{3} \times \frac{3q + \gamma H}{2q + \gamma H} \qquad (12)$$

q = 0 кезде $$E = \frac{\gamma \times H^2}{2} \times \lambda_a, \quad P_1 = 0, \quad P_2 = \gamma \times H \times \lambda_a, \; z = \frac{H}{3} \qquad (13)$$


10.2 Төменгі қабырғалар үшін қабырға қырының (негізгі немесе өткір) тік бөлігіндегі Е топырағының белсенді қысымының күші E_i барлық мәнінен ең жоғары мәніне тең мәні қабылданады, олардың шамасы формула бойынша анықталады.

$$E_i = Eгр_i + \Sigma Eq_i = (Q_{гр} + \Sigma qa)_i \times K_{\lambda i} \qquad (14)$$

мұндағы: $Q_{гр} + \sum qa$ – АСД құлау топырақты призма салмағының қосындысы (12-сурет) және дөңгелекті орналастыру жеріндегі призмаға берілетін уақытша жүктеме салмағы;

$$K_{\lambda_i} = \frac{\sin(\theta_i + \varepsilon - \varphi)}{\cos\varepsilon \times \cos(\theta_i - \varphi - \delta)} \qquad (15)$$

θ_i – құлаудың болжанатын бұрышы.



12-сурет – Төменгі қабырғадағы белсенді қысымды анықтау сұлбасы

$Егр_i$ және Eq_i күштері δ бұрышымен жазық орналасқан.

$E_{гр}$ күші тең әрекет ететін қысымы болып табылатынын қабылданады, оның эпюрасы үшбұрыш тәрізді болады. Осы күшті түсіру нүктесінен қабырға түбіне дейінгі $z_{гр}$ қашықтығы (А нүктесі).

$$z_{гр} = \frac{H}{3} \qquad (16)$$

E_q әр күшін түсіру нүктесінен А нүктесіне дейінгі z_q арақашықтығы мына формула бойынша анықталады.

$$z_q = H - x \times tg\theta \qquad (17)$$

мұндағы x – қабырға қырынан q жүктемесінің жолақ осьіне дейінгі арақашықтығы


Құлау жазықтығы, ол q жүктемесі жолағынан сол немесе оң жағынан топырақ бетіне ығатындай етіп, екі бөлікке бөлінбей қабылдануға тиіс.

10.3 Егер қабырғаның ВС берілген қыры төгу жағына β бұрышына көлбеу жасаса (13а суреті), онда осы қырдағы топырақ қысымының күші мына формула бойынша анықталады.

$$E_\beta = E \times (1 - tg\beta \times tg\varphi)^2 \qquad (18)$$

мұндағы: Е – АС жалған қырына топырақ қысымының күші.

а) б)



13 сурет Артқы қырда кері көлбеуі болатын қабырғадағы топырақтың белсенді қысымын анықтау сұлбалары.


E_β күшін түсіру нүктесі Е күшін түсіру нүктесінің деңгейінде орналастырады. E_β күші қабырғаның артқы қырындағы жазықтыққа δ бұрышымен бағытталған.

$\frac{tg\beta}{tg\varphi} > 1{,}0$ кезде $E_\beta = 0$ деп қабылданады.

(25) формула бойынша төгу жағында көлбеу болатын сол қабырға қырына топырақ қысымының күші анықталады (ВС қыры, 13б суреті).

Осындай жағдайда Е дегеніміз тік жазықтықтағы көлбеу қырында қарастырылатын жобасын білдіретін жалған тік қырының сол бөлігіне топырақ қысымының күшін айтады. Мысалы, E_β күшін анықтау кезінде ВС қырындағы қысымы (13б суреті) Е күшінің шамасы ретінде АД тік жалға қырына топырақ қысымы эпюрасының 1-2-3-4 ауданына тең қабылданады.

10.4 Тасты беткейдегі жоғарғы қабырғалар үшін төгу топырағының белсенді қысымы (14-сурет) Е белсенді қысымы үлкен мәніне ие болған кезде топырақты призманың құлау жазықтығын табу арқылы анықталу ұсынылады. Мұндайда θ_i құлау бұрышының шамасын ақырындап оның ең жоғары мәнінен (θ_1) беткей көлбеу бұрышының $\theta_к$ мәніне дейін түсіреді.



14-сурет – Тасты беткейдегі топырақтың белсенді қысымын анықтау сұлбасы

θ_i құлау бұрышының шамасы кезіндегі топырақтың белсенді қысымы мына формула бойынша анықталады.

$$E_{\alpha i} = Q_{гр,i} \times K_{\lambda,i} \qquad (19)$$

мұндағы $Q_{гр,i}$ –АСД$_i$,топырақты призманың салмағы

$K_{\lambda,i}$–15 формула бойынша анықталатын коэффициенті.

θ_i бұрышын θ_1 бастап $\theta_к$ дейін төмендету кезіндегі белсенді қысымның шамасы үнемі өсіп тұратын жағдайда, онда есептік ретінде $\theta_к$ беткей көлбеу тиісті бұрышына белсенді қысымның ең жоғары шамасы қабылданады, ал егер белсенді қысымының шамасы өсе басталса, содан кейін түсетін жағдайда, онда есептік ретінде q = 0 кезіндегі (9) формула бойынша анықтай отырып, алынған мәндердің ішінен ең үлкені қабылданады.

10.5 Қабырғаның тік бөлігіндегі $E_п$ топырағының қалыпты пассивті қысым күші мына формула арқылы анықталады. (15-сурет).


$$E_п = \frac{\gamma \times h^2}{2} \times \lambda_п \qquad (20)$$

мұндағы $$\lambda_п = \frac{\cos^2(\varphi - \varepsilon)}{\cos(\delta + \varepsilon)(1 - \sqrt{m})^2}, \qquad (21)$$

m – 15-сурет бойынша α бұрышының оң мәнін қабылдай отырып, (9) формула бойынша анықталады.

$\lambda_п$ мәндері 3-кестеде келтірілген.

Жазықтыққа δ бұрышымен көлбеу $E_п$ күші қабырғаның төменгі жағынан z = h : 3 қашықтықта түсірілген.



15-сурет - Топырақтың пассивті қысымын анықтау сұлбасы

3-кесте

φ °	α °	λ_a			
		Есептік сейсмикалығы, балл			
		6 дейін (ε = 0)	7 (ε = 1,5 °)	8 (ε = 3 °)	9 (ε = 6 °)
20	0	2,64	2,57	2,5	2,35
	10	1,83	1,75	1,68	1,50
	20-ε	0,90	0,92	0,94	0,98
25	0	3,55	3,47	3,38	3,21
	10	2,37	2,29	2,21	2,03
	20	1,46	1,36	1,24	–
	25-ε	0,84	0,87	0,89	0,94
30	0	5,00	4,86	4,75	4,51
	10	3,17	3,06	2,96	2,76
	20	1,95	1,85	1,76	1,54
	30-ε	0,78	0,81	0,83	0,89
35	0	7,40	7,13	7,04	6,73
	10	4,36	4,22	4,10	3,86
	20	2,60	2,48	2,38	2,16
	30	1,39	1,28	1,15	–
	35-ε	0,70	0,73	0,76	0,83
40	0	11,90	11,60	10,98	10,77
	10	6,31	6,11	5,93	5,60
	20	3,59	3,41	3,28	3,03
	30	1,92	1,82	1,71	1,47
	40-ε	0,62	0,66	0,69	0,76

А қосымшасы
(міндетті)

η үйлестіру коэффициенті

Қиыстырылуға кіретін жүктеме нөмірі	Жүктеме нөмірі							
	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5	№ 6	№ 7	№ 8
	Қабырғаның меншікті салмағы	Топырақтың белсенді қысымы	Топырақтың пассивті қысымы	Құлау призмадағы АК уақытша жүктемелерді есепке ала отырып, топырақтың белсенді қысымы	Құлау призмадағы НК-80, НК-120, НК-180 уақытша жүктемелерді ескере отырып, топырақтың белсенді қысымы	Қабырға салмағынан сейсмикалық жүктеме	Уақытша жүктемесіз сейсмикалық жүктемелерді ескере отырып, топырақтың белсенді қысымы	Құлау призмадағы АК сейсмикалық жүктемелер мен автокөлік жүктемелерді ескере отырып, топырақтың белсенді қысымы
1, 2, 3	1	1	1	-	-	-	-	-
1, 3, 4	1	-	1	1	-	-	-	-
1, 3, 5	1	-	1	-	1	-	-	-
1, 3, 6, 7	1	-	1	-	-	1	1	-
1, 3, 6, 8	1	-	1	-	-	0,8	-	1*

* төмендетілген тік түрдегі автокөлік жүктеме кезінде (η = 0,3 коэффициентімен)

Б қосымшасы
(анықтамалық)

Топырақ бойынша қабырға қалауының үйкеліс коэффициенттері

Іргетас астындағы топырақ	Үйкеліс коэффициенті
1 Беті шайылған тасты топырақтар (сазды әк тас, тақты тастық және т.б.) және балшық:	
а) ылғалды жағдайда	0,25
б) құрғақ жағдайда	0,30
2 Сазды және құмайт топырақтар	0,30
3 Құм	0,40
4 Қиыршық тас және малта тас топырақтар	0,50
5 Беті шайылған тасты топырақтар	0,60

В қосымшасы
(анықтамалық)

Материалдар тығыздығы

Материалдар атауы	Тығыздығы , тс/м^3
1 Темірбетон	2,5
2 Бетон және бутобетон	2,4

Қосымша
(анықтамалық)

Библиография

[1] ҚР СНжЕ 3.04.03-85 Құрылыс құрастырылымдарды және құрылыстарды жемірілуден қорғау.
[2] ҚР СНжЕ 3.03-09-2006 Автокөлік жолдары.
[3] ҚР СНжЕ 2.05.03-84* Көпірлер мен құбырлар
[4] ҚР СНжЕ 5.01.01-2002 Ғимараттар мен құрылыстардың негіздері.
[5] ҚР СНжЕ II-7-81* Сейсмикалық аудандардағы құрылыс.

ӘОЖ 624.21:625.7/.8 **МСЖ 93.040** **ЭҚТӨЖ 45.21.21**

Түйінді сөздер: автомобиль жолдары, тіреуіш қабырғалар, көлемді және жұқа қабырғалар, жоғарғы және төменгі қабырғалар, сейсмикалық жағдайлар, шектеулі жағдайлар

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДОРОГИ АВТОМОБИЛЬНЫЕ

Требования при проектировании подпорных стен

СТ РК 1857-2008

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Акционерным обществом «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт» (АО «КаздорНИИ»), ТК 42 по стандартизации «Автомобильные дороги»

ВНЕСЕН Комитетом автомобильных дорог Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом председателя Комитета по техническому регулирования и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 30 декабря 2008 г. № 670-од

3 В настоящем стандарте реализованы нормы «Экологического Кодекса Республики Казахстан» и законов Республики Казахстан «Об автомобильных дорогах» от 17 июля 2002 г. № 245-II, «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004г. № 603-II, «О безопасности дорожного движения» от 15.07.1996г. № 29-1

Настоящий стандарт гармонизирован с техническими регламентами «Требования безопасности при проектировании автомобильных дорог» от 31 марта 2008 года № 307 и «Требования безопасности при эксплуатации автомобильных дорог» от 27 марта 2008 года № 294.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2014 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменения - в ежемесячных информационных указателях «Нормативные документы по стандартизации». В случае пересмотра или отмены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации»

Настоящий стандарт не может полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения 1
2 Нормативные ссылки 1
3 Термины и определения 2
4 Общие положения 2
5 Материалы конструкций 3
6 Типы подпорных стен 4
7 Конструктивные требования 5
8 Основные положения расчета 9
9 Нагрузки 13
10 Определение активного и пассивного давления грунта 17
Приложение А. Коэффициенты сочетания η 24
Приложение Б. Коэффициенты трения кладки фундамента стены по грунту 25
Приложение В. Плотность материалов 26
Приложение. Библиография 27

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

